

KAZENERGY INSIDE



KAZENERGY Бас директоры және ЮНЕСКО Қазақстандық Ұлттық Клубтар Федерациясының басшысы **Болат Ақшолақов** ЮНЕСКО Азия-Тынық мұхит Федерациясын және қауымдастығының (AFUCA) президенті болып сайланды



Рамазан Жампи́сов, KAZENERGY Атқарушы директоры, 2 жылға БҰҰ ЕЭК тұрақты энергетика комитеті Бюроның вице-төрағасы болып сайланды

05, 2016

В ЭТОМ ВЫПУСКЕ

- БҰҰ ЕЭК : Женевадағы кездесулер
- Б.Ақшолақов. Алға қарай даму
- Газ горизонттары
- А. Қашқынбеков. ҚР жаңармалы энергия көздерінің рөлі
- Дуалды оқыту жүйесін зерттеу туралы
- Дүниежүзілік мұнай кеңесімен бірлескен сараптамалық семинар

БҰҰ ЕУРОПАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОМИССИЯСЫ ТҰРАҚТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ 25-ШІ СЕССИЯСЫ



2016 ж. 28-30 қыркүйекте Женева қ. (Швейцария Конфедерациясы) БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы Тұрақты энергетика комитетінің 25-ші сессиясы өтті. Оған Қазақстан Республикасының ҚР-ның БҰҰ-дағы және басқа да халықаралық ұйымдардағы Тұрақты Өкілі **Ж. Айтжанова**, KAZENERGY қауымдастығының Бас директоры **Б.Ақшолақов**, KAZENERGY қауымдастығының Атқарушы директоры **Р.Жампи́сов**, сонымен қатар «Астана»

Халықаралық қаржы орталығы басшысының кеңесшісі **А.Қазыбаев** қатысты.

Мәжілісте Қазақстан астанасында өтетін ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» Халықаралық мамандандырылған көрмесі кезеңінде өткізу жоспарланып отырған «Тұрақты энергетика міндеттерін шешу» министрлік конференциясына және «Тұрақты даму энергетикасы» БҰҰ ЕЭК 8-ші Халықаралық Форумна даярлық талқыланды. Министрлік конференция Форум шеңберінде алғаш өткізілейін деп отыр және оның маңызы жоғары. Бұл жөнінде Болат Ақшолақов энергетиканың жаһандық рөлін баса көрсете отырып, сонымен қатар қатысушылардың назарын табиғи ресурстарды, жаңармалы энергия көздерін баланстандырып дамыту, жаңа технологиялар енгізу және энергия тиімділігінің маңыздылығына аударатырып, өз сөзінде атап көрсетті. Бұдан әрі Айтжанова ханым ЭКСПО-2017 көр-

месінің жобасымен таныстырды және ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған экологиялық таза технологиялардың дамуын және облыстың жасыл экономика елеуетін жақсартатын Астанада жасыл технологиялар орталығын құру жөніндегі бастама туралы айтып өтті. Қазақстан тарабы БҰҰ ЕЭК мүшелері Орталықтың қалыптасуына үлес қосатынына үміттенетінін білдірді.

Қазіргі уақытта Қазақстан және БҰҰ ЕЭК келесі жылы 4 күн бойы өткізілетін ауқымды іс-шараны даярлау жұмыстарын бірлесіп атқаруда.

Қазақстандық делегация ведомстволардың басшылары арасындағы жемісті пікірталастың нәтижесі болуы тиіс және тұрақты энергетика бойынша бірқатар басым қимылдарды айқындайтын Министрлік декларацияны әзірлеуге қатысушылардың назарын аударды. Осы құжат шеңберіндегі министрлердің келісімі энергетика саласындағы келісілген, біртұтас, үйлестірілген және кешенді саясатқа, бағдарламаларды іске асыруға

және жаһандық энергетикалық сын-қатерлерді шешуге қол жеткізетін іргетас болуы тиіс.

Декларацияның негізгі ережесі және Форум қорытындысы үкіметтің, ғылыми ортаның, экологиялық ұйымдардың, жеке сектордың, болашақ энергиясының жаңа үлгісін құратын бизнес-құрылымның ұсыныстарын топтастыратын «ЭКСПО құндылықтары манифестіне» енгізіледі деп жоспарлануда.

Қазақстан делегациясы басқа мемлекеттерге жоғары деңгейдегі мәжіліске даярлық бойынша халықаралық кеңес өткізу және бірлескен жұмыстар жүргізу туралы ұсыныс жасады, олар өз кезегінде жоспарланып отырған конференцияға және форумға қатысуға қызығушылық танытты және қолдау білдірді.

БҰҰ ЕЭК Атқарушы хатшысы К. Фрис Бах алдағы конференцияның маңыздылығын атап өтті және қатысушыларға UNDESA, БҰҰ бес өңірлік экономикалық комиссиясы, SE4ALL, IEA, IRENA және басқа да халықаралық ұйымдар әрекеттестік етуді растағаны туралы хабарлады.

Женевада мәжіліс шеңберінде БҰҰ ЕЭК тұрақты энергетика комитеті бюросы мүшелерінің сайлауы өтті. KAZENERGY Атқарушы директоры Рамазан Жампиисов 27-сессия аяқталғанға дейін 2 жылға Бюроның вице-төрағасы болып сайланды. Оған қоса, қазақстандық делегация БҰҰ ЕЭК Бас Хатшысы және Тұрақты энергетика комитетінің төрағасы Ю. Кайнхорстпен екіжақты кездесу өткізді.

Қазақстан Республикасындағы сұйытылған табиғи газды пайдалану мүмкіндіктері мен перспективасы

Соңғы он жылда сұйытылған табиғи газдың (СТГ) жаһандық нарығы дүниежүзілік энергия балансына ықпал ете отырып, қарқынды дамып келеді. Таяудағы болашақта СТГ ең бәсекеге қабілетті сектор ретінде қарастырылмақ. СТГ саласын дамыту қаншалықты тиімді және оның қандай басымдықтары бар? СТГ бойынша жобалар еліміз үшін қаншалықты рентабельді? Осы тақырыптар Chemtex және Black & Veatch жетекші халықаралық компанияларымен бірлесіп KAZENERGY қауымдастығы ұйымдастырған Астанадағы мамандандырылған семинарда талқыланды. Ортақ алаңда ҚР Энергетика министрлігінің, меморгандардың, әртүрлі компаниялардың сарапшы өкілдері жиналды.

Chemtex – дүниежүзінде жоғары технологиялардың, инженерлік шешімдердің, мұнай-газ-химия жобаларының құрылысын жүргізетін және оларға қолдау көрсететін, полиэтилен өндірісі, полиэфирлік талшықтар және басқ. ірі жеткізушісі ретінде әйгілі, меншікті ғылыми-техникалық әзірлемелер базасы бар американдық компания. Компания 70 жылдан бері жұмыс істейді. Уилмингтон қ. (АҚШ), Пекин және Шанхай қ. (Қытай), Бангалоре қ. (Индия) компанияның офистері бар. 15 жылдан бері Chemtex компаниясы энергетика, су ресурстары, информатика саласындағы инженерия, құрылыс, консалтинг қызметтеріндегі көшбасшылардың бірі - Black & Veatch компаниясымен тығыз әрекеттестік етеді. Өткен жылы компанияға 100 жыл толды. Black & Veatch штаб-пәтері Канзас Ситиде орналасқан (АҚШ), дүниежүзі бойынша 90-нан астам өкілдіктері бар және АҚШ-тың ірі жеке компаниялары арасындағы Forbes тізіміне кіреді.

Тұтас Орталық Азия сияқты Қазақстан да Chemtex және Black & Veatch үшін жаңа әрі аз зерттелген өңір. Осыған қарамастан компания басшылығы біздің елімізде СТГ арналған жабдықтарды енгізу бойынша жобаларды ұсынып қана қоймай, мұнай-химия индустриясында, полиэтилен өндірісінде және т.б. жұмыс бастауды ұсынып отыр. Chemtex жаһандық президенті Шон Ма айтуынша кейіннен салқында-тып сығу арқылы алынған сұйытылған мұнай газы - іс жүзінде барлық жерде: транспортта, азық-түлік өндірісінде, жылу, энергетика салаларында қолданылатын өнім. Оған қоса, СТГ экологиялық шығыны минималды, қоршаған ортаға зияны аз шикізатқа жатады. Семинар спикерлері елдің ресурсқа бай шығыс бөлігіндегі зауыттары табиғи газды сұйылту бойынша құрылғылармен жабдықталған және сонда тазартылған газ батыс аудандарына (Шанхай, Гуаньжоу және басқ. пункт-

тер) жеткізілетін Қытайдағы СТГ бойынша жобаларды мысал ретінде айтып өтті. Яғни, Шон Ма айтып өткендей, жер алшақтығы кедергі емес. Газ құбыр бойынша ғана жеткізіліп қоймай, танкерлер де пайдаланылады. Соңғы онжылдықта Қытай Республикасы таза технологияларды қолдана отырып, ауаның ластануымен күрес жүргізуде. Chemtex және Black & Veatch басшылары өздерінің барлық технологиялары жасыл энергетика стандарттарына сай келетінін атап көрсетеді.

Газды қолдануға Қазақстанның әлеуеті зор. Газды жаққан кезде бөлінетін күкіртті басқа өндірістерде қайта қолдануға болады. Кемір Қытайда да, сол сияқты Қазақстанда да жиі тұтынылатын отын түрі болғанымен, ол – жүк көліктері, қоғамдық көлік, автомобильдер үшін дизотынды немесе бензинді алмастыру үшін тамаша баламалы қуат көзі, сонымен қатар өңірлерді газдандыруда да рөл атқара алады. СТГ-ны ҚР-да қолдану перспективасы бар, бірақ, семинар қатысушылары айтып өткендей, жобалардың экономикалық жағын мұқият есептеу керек. Сондай-ақ, ҚР заңнамалық базасын жан-жақты зерттеу керек және СТГ өндіру және қолданудың барлық аспектілері бойынша тиісті толықтырулар енгізу керек, - деп атап көрсетті ҚР Энергетика министрлігінің кездесуге қатысушысы.



АЛҒА ҚАРАЙ ДАМУ

Құрметті оқырмандар, сіздерге KAZENERGY қауымдастығының бас директоры Б.О.Ақшолақовтың «KAZSERVICE» журналына берген сұхбатын ұсынамыз

Болат Орапұлы, сіздің осы салада тәжірибеңіз мол. Сіз республикамыздың ірі мұнай-газ компанияларына басшылық еттіңіз және оған қоса, ҚР мұнай және газ вице-министрі қызметін атқардыңыз, осы тәжірибеңіз KAZENERGY қауымдастығының бас директоры қызметін атқаруға қаншалықты септігін тигізуде?

Мұнай-газ секторындағы қызмет мен мемлекеттік қызмет бірін-бірі толықтырады. Бірінші жағдайда, бұл – баға жетпес практикалық тәжірибе мен білім, екінші жағдайда – қандай да бір мемлекеттік шешімдерді қабылдау механизмі мен логикасын түсіне білу. Бұл жол, сөз жоқ, өзім үшін де, сол сияқты бизнес пен мемлекет арасындағы диалог алаңы дәрежесінде KAZENERGY қауымдастығы атқарып отырған маңызды қызмет үшін де өте пайдалы деп білемін. Өндіруші және транспорттық, сервистік және геофизикалық, уран және басқа да компанияларының басын қоса отырып KAZENERGY қауымдастығы мемлекетпен және қоғамдық құрылымдармен әрекеттесе отырып олардың мүддесін қорғайды және де республиканың мұнай-газ кешенінің тұрақты дамуына үлес қоса отырып осы арқылы мемлекет пен энергетикалық компаниялардың мүдделерінің баланста болуын қамтамасыз етеді.

Қауымдастық мұнай-газ және энергетика кешенінің ірі ойыншыларының, оның ішінде ТШО, КПО НКОК, СНПС-Ақтөбемұнайгаз сияқты жер қойнауын пайдаланушылардың басын қосады. Қауымдастық жанында Қазақстандық үлесті дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесі жұмыс істейді. Ірі жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты қазақстандық үлесті арттыру бойынша қандай жұмыстар атқарылып жа-



тыр?

Бүгінде қауымдастық 80-нен астам мұнай-газ және энергетика компанияларын біріктіреді. Жуырда бізге тағы екі жаңа мүше қосылды, олар: «OMV Petrom S.A.» және China Petrochemical Corporation (Чайна Петрокемикал Корпорейшн) компаниясының Қазақстан Республикасындағы өкілдігі. Қауымдастықтың барлық мүшелері бір немесе бірнеше тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші органдар - Үйлестіру кеңестерінің құрамына кіреді.

Ғылым, инновациялар және жергілікті үлесті дамыту мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы айтатын болсақ, оның негізгі міндеті қазақстандық үлесті дамыту мәселелерін зерттеу және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТЖИ) орындау, ҒЗТЖИ және инновациялық жобалар саласындағы мемлекеттік органдардың бағдарламалық құжаттарын мониторингілеу және әзірлеу, іске асыруға қатысу болып табылады. Қауымдастықтың Қазақстандық үлес жөніндегі үйлестіру кеңесі жылына екі рет өткізіледі, мұның өзі оның мүшелеріне қажетті мәселені күн тәртібіне талқылауға енгізуге және оның шешімін жан-жақты пысықтауға мүмкіндік береді.

KAZENERGY үшін мұнай-газ нарығында

қазақстандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтер ассортиментін ұлғайту мәселесі басым мәселе болып табылады, себебі жергілікті үлестің сапалық әрі сандық өсуі мен мұнай-газ саласының тұрақты дамуының арасында тікелей байланыс бар екені анық мәселе.

Қазақстандық үлесті дамыту үшін біздің кәсіпорындарды жаңарту қажет екені және жұмыс істеп тұрған өндіріс орындарының, технология трансфертінің тиімділігін арттыру, кадр әлеуетінің құзыреттілігін қалыптастыру керек екені түсінікті.

Қолданыстағы заңнамалық және өзге де әкімшілік шектеулер, жобалар бойынша талаптарды дұрыс түсіну, әлеуетті жеткізушілердің өтініштерін сауатты ресімдеу, алдын ала біліктілік беру және жобаларға, атап айтқанда «Теңізшевройл» ЖШС, Karachaganak Petroleum Operating B.V., North Caspian Operating Company N.V. 3 ірі мұнай-газ операторларының жобаларына іріктеу мәселелері де шешімін таппай тұр. Айтпақшы, Үйлестіру кеңесінің соңғы мәжілісінде осы мұнай-газ операторлары үшін «Алаш» жеткізушілерінің «on-line» деректер базасымен жан-жақты таныстыру өткізілді, мұның өзі қажетті қазақстандық өнімдер мен қызметтерді жылдам іздеп табуға қосымша мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтып өткенімдей қауымдастықтың Үйлестіру кеңесі отандық индустрия мен өндіруші салаға арналған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру жүйесіне зор көңіл бөлуде. Мысалға, 2012 жылы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңына жер қойнауын пайдаланушылардың жиынтық жылдық табысының 1%-ын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға аударуы туралы міндеттемелерін қарастыратын толықтырулар енгізілді. Осы заң нормасы жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТЖИ-ды қаржыландыруын ұлғайтуы мүмкін және компаниялардың сапалы әрі бағасы бәсекеге қабілетті тауарларға деген сұранысын қанағаттандыра алатын жаңа инновациялық өндірістерді құруға мүмкіндік беруі мүмкін деп жобаланып отыр. Дегенмен, қаржыландыру механизмі мен нәтижесін шығару мәселесі әзірше даулы мәселе болып қалып отыр. Осыған байланысты KAZENERGY қауымдастығы ҒЗТЖИ бойынша міндеттемелерді іске асыру жолдарын іздестіріп жатыр, ол үшін заңнамалық базаны жан-жақты пысықтап шығу қажет.

Десек те, заңнамалық толықтырулар өз нәтижесін де беруде. Қауымдастық мүшелері, Chevron және Shell Kazakhstan Development B.V. компаниялары Батыс Қазақстанда керн мен флюидті зерттеу бойынша зертхана ашты. Ал компанияй BG компаниясы OTM Consulting компаниясымен бірлесіп қазақстандық ЖОО-лардың ғылыми-кадрлық әлеуетіне және жабдықталуын талдау және жобалау-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізді. Бұл жұмыста Shell Жол картасының мақсаттары мен міндеттеріне баса назар аударылды. Өз кезегінде бұл жұмыс қазақстандық ұйымдардың ҒЗТЖИ жүргізу мүмкіндіктерін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді. Жергілікті үлесті дамыту мәселелерін шешу үшін қауымдастық халықаралық тәжірибеге де сүйенеді. «PSA» ЖШС мен Ұлыбританияның Сауда және инвестициялар министрлігінің Қазақстанның жеткізуші компаниялары мен Ұлыбританияның



мұнай және газ саласындағы компаниялары арасында тығыз серіктестік орнату бойынша жұмыстары осыған мысал бола алады.

Оған қоса, бірнеше жыл бойы KAZENERGY өз мүшелерінің сарапшыларымен және Дүниежүзілік мұнай кеңесінің халықаралық мамандарымен бірлесіп Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақ пен Дүниежүзілік сауда ұйымының құрамына кіруі сияқты интеграциялық процестер жағдайында жергілікті үлесті дамыту бойынша жұмыстарды жүргізіп жатыр. Нарықты біріктіру жағдайында отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілетін қолдау және жергілікті үлесті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты әрі қарай жетілдіру мәселелері толғақты болып отыр.

Осыған байланысты осы бағыттағы шетелдік тәжірибені зерттеу ерекше

қызығушылықты туғызады. Осылайша, биылғы жылдың 31-қазанында қауымдастық Дүниежүзілік мұнай кеңесімен бірлесіп жергілікті үлесті дамыту саласындағы негізгі кедергілерді талдау үшін сараптамалық семинар өткізбек, онда мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленбек.

Көп жылдардан бері KAZENERGY білім беру бағдарламасын табысты жүргізіп келе жатыр. Өткен жылдың қыркүйек айынан бастап қауымдастық Солтүстік Каспий және Қарашығанақ жобалары шеңберінде бөлінетін қаражат есебінен оқуына ақы төлеу үшін үміткерлерді іріктеу бойынша оператор болды. Осы бағдарлама туралы толығырақ әңгімелеп беріңізші. Мысалы, мұнай-сервис компанияларының қызметкерлері бағдарлама шеңберінде оқи ала ма?

Биылғы жылдың басында Алматы қаласында «KAZENERGY» қауымдастығы 2015-2016 академиялық оқу жылына арналған оқуына ақы төлейтін сертификаттарды ҚБТУ және Қ.Сәтпаев ат. ҚазҰТУ-дың 51 студентіне және КИМЭП-тің 40 студентіне салтанатты түрде табыстады.

2015 жылғы қыркүйекте қол қойылған ҚР Энергетика министрлігі, «PSA» ЖШС, «KAZENERGY» қауымдастығы, «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (НКОК Н.В.) және «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО Б.В.) арасындағы меморандум шеңберінде «KAZENERGY» қауымдастығына мүше компаниялардың қаражаты есебінен студенттерді оқыту мүмкіндігі туындады.

Қазақстан Республикасының мұнай-газ және энергетика мамандықтары бойынша күндізгі оқу нысанында оқитын дарынды студенттерін қолдау, сонымен қатар Солтүстік Каспий және Қарашығанақ жобалары шеңберінде ҚР азаматтарының кәсіби біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау - жобаның мақсаты болып табылады.

Биылғы жылы сертификат алған барлық студенттер 2 кезеңдік іріктеуден өтті. Бастапқы кезеңде «KAZENERGY» қауымдастығы 593 өтінішті қарады, олардың арасынан ЖОО мен колледждерде оқу ақысы төленетін үміткерлерді іріктеу ко-

миссиясы 317 адамды іріктеп алды, олардың ішінде: жоғары білім және жоғарыдан кейін білім алуға 283 адам; техникалық, кәсіби және ортадан кейінгібілім алуға - 34 адам іріктеп алынды.

Үміткерлерді іріктеу барысында табысы аз, көп балалы және толық емес отбасынан шыққан үміткерлерге, жетімдер мен мүгедектерге, «Алтын белгі», үздік аттестат иегерлеріне, олимпиада жеңімпаздарына бағымдық берілді. Байқауға қатысудың толық шарттары, үміткерлерден өтініш қабылдау және құжаттарды қарау талаптары және байқауға қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі біздің WWW.KAZENERGY.com сайтымызда жарияланған.

Жалпы алғанда, оқу орындарының студенттеріне қолдау көрсету 2014 жылдан бері жалғасып келеді, онда алғаш рет «KAZENERGY» қауымдастығы «СНПС-Ай-Дан-Мунай» АҚ компаниясымен бірігіп 80 млн. теңгеге техникалық және кәсіби, жоғары және жоғарыдан кейін білім беретін бағдарламаларды іске асыратын оқу орындарының студенттері қатарынан үміткерлерді іріктеуге көмектесуде әрекеттестік ету туралы меморандумға қол қойған болатын. 2014-2015 жылдар кезеңінде ЖОО мен колледждердің 300-ге жуық студенті «Жер қойнауын пайдаланушылар қаражаты есебінен оқуына ақы төлеу үшін үміткерлерді іріктеу ережесіне» сәйкес білім алды.

Қазіргі уақытта 20-шілдеден бастап 30-тамызға дейін 2016 жылға арнап бекітілген жоспарға сай байқауға қатысу үшін құжаттар қабылдау жүргізілуде. Студенттерді білім беру гранты туралы хабардар ету бойынша ЖОО-лар және колледждермен. Үміткерлермен белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Құжаттарды қабылдау аяқталған соң 30 күн ішінде іріктеу өлшемдеріне сай келетін үміткерлердің тізімі Үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссияға шешім шығару үшін ұсынылады. Оның нәтижесі, әдеттегідей, KAZENERGY сайтында жарияланады.

Биылғы жылдың 5-шілдесінде «Теңіз» кен орнын болашақта ұлғайту жобасы (бұдан әрі – БҰЖ) бойынша инвестициялар жөніндегі қорытынды шешім жарияланды. Қазақстандық компаниялардың осы жобаға қатысуы туралы сіздің көзқарасыңыз қандай? Осы жобадағы қазақстандық үлесті ұлғайтуға KAZENERGY қаншалықты ықпал жасай алады?

Болашақта ұлғайту жобасы мен Сағалық қысымды басқару жобасы (БҰЖ-СҚБЖ)

біріктірілген жоба болып табылады, бұл жобаларды өндіруді арттыру және қолданыстағы қуаттылықтың өндірімділігін қолдау мақсатында Теңіз кен орны іске асырады. Қазіргі уақытта дүниежүзілік энергетикалық салада іске асырылып жатқан ірі масштабтағы капиталдық жобалардың бірі бола отырып БҰЖ-СҚБЖ Теңіз кен орнында жыл сайын мұнай өндіруді шамамен 12 млн. тоннаға ұлғайтуға есептелген. Осы орайда өндірудің жиынтық ауқымы шамамен жылына 39 млн. тоннаға еседі. БҰЖ құрылғысында күкірт өндірілмейді, құрамында күкіртті сутегі бар табиғи газды қабаттық қысымды ұстап тұру үшін қабатқа қайта айдау жоспарланып отыр. Кен орнының нысандарын жобалау және оның құрылысы салу жұмыстарын атмосфераға шығарындыларды азайту бойынша алдыңғы қатарлы технологияларды қолдана отырып жүзеге асыру жоспарлануда.

БҰЖ-СҚБЖ шеңберінде мынадай жаңа нысандарды салу және монтаждау көзделіп отырғаны белгілі: жаңа мұнай өндіруші ұңғымалар және мұнай жинау жүйесі, мұнай мен газды өңдеу құрылғылары; ЗСГТП – құрамында күкіртті сутегі бар табиғи газды қабатқа қайта айдау құрылғысы; фонтандаушы ұңғыма сағасындағы қысымды азайту және қолданыстағы алты технологиялық линияның кіреберісіндегі қысымды арттыру арқылы Теңіз кен орнындағы жұмыс істеп тұрған зауыттардың өндірістік қуаттылығына арналған нысандар; жобалық компоненттерді іске асыру үшін қажетті көмекші нысандар мен коммуникациялар.

Нысандар үлкен модульдерден салынады. Оларды әзірлеу, жинау және алдын ала іске қосу жұмыстарын Қазақстандағы, Оңтүстік Кореядағы және Италиядағы өндірістік алаңдарда орындау жоспарланып отыр. Теңіздегі жұмыстар модульдер мен құрамдас бөліктерден тұратын қалған нысандардың құрылысын біріктіруді қамтиды.

БҰЖ-СҚБЖ іске асыру оқу бағдарламасын қамтамасыз етуге, елдегі мұнай өндірісіне жаңа технологиялар енгізуге, жергілікті кәсіпорындардың әлеуеті мен қуаттылығын дамытуға жақсы мүмкіндік береді. Құрылыс жұмыстары жүргізіле бастағанда 20 мың жұмыс орны құрылады деп есептеліп отыр. Қазақстандық жеткізушілер БҰЖ-СҚБЖ жобасы үшін модульдерді жобалау, сатып алу және әзірлеу бойынша қызметтерді көрсетуге белсенді қатыстырылады. Қазірдің өзінде 1600 қазақстандық компания алдын ала іріктеуден өткені белгілі болды. Жобалау, жоғары технологиялық жабдықтарға қызмет жасау, модульдердің құрылысы және әзірлемесі саласында жаңа мүмкіндіктер ашылып отыр. Модульдерді жобалау, әзірлеу және бұрғылау жұмыстарын орындау үшін қазақстандық және шетелдік компаниялар арасында бірлескен кәсіпорындар құру мәселесі талқылануда.

Қазақстанның сервистік компаниялар одағына және «KAZSERVICE» журналына айтар қандай тілектеріңіз

бар ?

Биыл Қазақстан маңызды тарихи оқиға – Тәуелсіздіктің 25 жылдығын атап өтпек. Өткен жылдарда ел экономикасында күрделі өзгерістер болды және белгілі бір деңгейде әртараптандыруға қол жеткізілді, алайда, ондағы басты рөлді мұнай-газ саласы атқарды. Көмірсутегі және басқа да энергия ресурстары таяудағы онжылдықта өз позициясын сақтап қалмақ және жаңа инновациялар мен технологиялық әзірлемелердің, озық инженерлер және жұмысшы кадрлардың ортақ жиыны болып, басқа да ілеспе өндірісті дамыту үшін қуатты локомотив болып қала бермек. Қазірдің өзінде Қазақстанда 200 мұнай-сервистік компания жұмыс істейді және олардың әлеуетін дамыту қажет. Осыған байланысты мұнай-газ нарығының қатысушыларына жобаларды іске асыруда табыс, сапалы нәтижеге қол жеткізуде қажырлы қайрат, мұнай-сервистік қызметтер нарығына мұнай-газ нарығының маңызды бағыты болуға мүмкіндік беретін заманауи инновациялар мен технологияларды енгізуді тілеймін!

«KAZENERGY» қауымдастығының Адами капиталды дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесі ҚР Энергетика министрлігі, «Атамекен» ҚР ҰКП, «Холдинг «Кәсіпқор» ҰАҚ, ҚБТУ, KAZENERGY мүше компанияларының өкілдерімен мәжіліс өткізді

Қатысушылар дуалды оқыту жүйесін зерттеу нәтижелері және «Ембімұнайгаз» АҚ тәлімгерлерін даярлау нәтижелері туралы қызықты және ақпараттық есепті тыңдады. Алғаш рет дуалды оқыту жүйесі бойынша сынақтық жоба 2015 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ рентабельдігі төмен кен орнында іске қосқан болатын. Бұл әдіс бойынша студенттер оқу процесі мен практикалық ортаға бірдей қатысады. Осылайша студент теорияға қоса толығымен кәсіпорын жұмысына араласып, тәжірибелік білім алады. KAZENERGY қауымдастығы Әл-Фараби атындағы ҚМГ және ЕМГ-нің келісімі бойынша ҚазҰУ-мен бірлесіп дуалды жүйе бойынша білім алып жатқан студенттердің және дәстүрлі тәсілмен осыған ұқсас мамандықтар бойынша білім алып жүрген студенттердің қолданбалы кәсіби біліктілігін, кәсіби дербестігін қалыптастыруға талдау жасады. Студент-практик пен тағылымдамадан өтпеген

студенттің арасында қандай айырмашылық бар? Күрделі теорияны өндірістегі нақты жұмыс жағдайында түсіну жеңіл екендігі анықталды. Студенттер өздерін іс барысында көрсете алады, мұның өзі жұмыс берушіге болашақ мамандардың деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Келешекте жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары. Дуалды бағдарлама бойынша оқитын студенттер өз кәсібін жете түсінеді және мақсатты түрде өз мамандығы бойынша жұмыс істеуді жоспарлайды, кәсіби иерархия және жауаптылық туралы түсініктері терең болады. Сонымен бірге тәлімгерлер даярлауға да көп көңіл бөлінуде. Былтырғы жылдан бастап Шымкент қ. Германиядан келген сарапшылардың қатысуымен «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері үшін тренингтер өткізілді. Бұл шараны өткізу туралы келісімге KAZENERGY бастамасы бойынша және «Атамекен» ҚР ҰКП-мен бірлесе отырып қол жеткізілді. Қазір ҰКП «Өндірістегі тәлімгер» біліктілігін бейімдеу бойынша жұмыстарды жүргізіп жатыр. Мәжіліс барысында Адами капиталды дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің қызметтері туралы есеп тыңдалды және KAZENERGY Білім беру бағдарламасының жұмыс тобы бекітілді. Тағы да бір маңызды мәселе – Мұнай-газ саласындағы салалық біліктілік шеңберін әзірлеу. ҚР Энергетика

министрлігінде СБШ бойынша жұмыс тобының құрамына қауымдастыққа мүше компаниялардың өкілдері мүшелікке ұсынылды. Оған қоса, KAZENERGY құрған және СБШ әзірлеу үшін негіз болып табылатын кәсіби қызметтердің түрлері мен топтары бойынша бөлінген Кәсіптер тізімі жіберілді. Осы жылы жаңа Салалық шеңберді әзірлеу жоспарлануда. 2017-2019 жж. ҚР мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия саласындағы салалық келісім жобасына қатысты ҚР Энергетика министрлігіне биылғы жылдың аяғына дейін қорытынды келісімдер жасалғаннан кейін және түзетулер енгізілгеннен кейін қорытынды құжатты ұсыну туралы шешім қабылданды. Үйлестіру кеңесінің қатысушылары ҚР Денсаулық сақтау мен ҚР Әлеуметтік даму министрліктері және ДДҚБ арасындағы еңбек дағдыларын дамыту және жұмыс орындарын ынталандыру бойынша жобаны да талқылады.

Үйлестіру кеңесі мәжілісінің материалдарымен мына сайтта танысуға болады: <http://kazenergy.com/ru/association/soviets/2013-04-15-04-19-47/14240-2016-09-09-11-55-11.html>

KAZENERGY ҚҰРАМЫ КӨБЕЮДЕ

KAZENERGY қауымдастығының құрамы көбеюде. Қауымдастықтың жаңа мүшесі – Қазақстан мұнай өңдеу зауыты («ҚМӨЗ» ЖШС) – қазақстандық өндірушілердің бірі, дизельдік отын, бензин және

мазут түрлерін жеткізуші. Кәсіпорынның меншікті желісі және еліміздің бірнеше облыстарында өндіріс орындары бар.

Биыл осыдан бұрынырақ қауымдастық құрамына «Еділ-Орал.kz» ЖШС, «KAZPETROL GROUP» ЖШС, China Petroleum Corporation компаниясының ҚР-дағы өкілдігі OMV Petrom SA, «Росатом Центральная Азия» ЖШС

кіргенін естериңізге саламыз.



КНПЗ

КАЗАХСТАНСКИЙ
НЕФТЕПЕРЕРАБАТЫВАЮЩИЙ
ЗАВОД



Күлпаш Қоңырова

Қазақстанда сұйытылған табиғи газ (СТГ) нарығын дамыту үшін мол инвестиция ғана емес, жеңілдіктер түріндегі стимулдар да, сонымен қатар арзан жұмыс күші және электр энергиясы керек

Қазақстан мен Қытай арасындағы параллельдер

Осы аптада Астанада Қазақстанда сұйытылған табиғи газды (СТГ) пайдалану перспективасы талқыланды. KAZENERGY қауымдастығының бастамасымен Chemtex және Black & Veatch (осы салада маманданушы) компанияларының өкілдері әлемнің әр түкпірінде іске асырған өз жобаларына презентация өткізді. СТГ өндіру бойынша алдыңғы қатарлы технологиялар туралы ғана емес, сондай-ақ қазақстанның жағдайын бейімделген қуаттылығы әртүрлі зауыттар салу мүмкіндігі туралы сөз болды. Презентацияға шақырылған басты спикерлердің бірі, «Chemtex Group» басшысы, Шон Ма (Sean Ma) СТГ басымдықтары туралы айта келе Қытай мен Қазақстан арасындағы параллель туралы әңгімеледі. «Екі елдің де экономикасы қарқындап дамып келеді және осыдан келіп энергия тасымалдағышқа деген сұраныс артуда. Қос ел де таза технологияларды дамыту курсына ұстанып отыр. Осы ретте газ экологиялық таза өнімге жатады, оның үстіне ол мұнайға қарағанда арзан. Үшіншіден, екі елде де газ кен орындары батыс өңірлерде орналасқан және де халық тығыз орналасқан солтүстік және оңтүстік облыстарда «көгілдір отынға» деген сұраныс көп. Осыдан келіп екі елдің билігінде

де



тұтынушыларға шикізат жеткізу деген мәселе туындайды», - деп тізбелеп көрсетті Шон Ма. Шынында, СТГ өндірісі бойынша қазіргі технологиялар табиғи газды кен орнынан өндірілетін жерде 600 рет сығымдауға, одан кейін газды арнайы ыдыста не теміржолмен не болмаса автомобиль жолымен алыс қашықтықтарға тасымалдауға мүмкіндік береді. «Мамандар СТГ өндірісін тектен текке «виртуалды газ құбыры» деп атамайды. Құбырларды салу және жүргізу бойынша қомақты қаражат жұмсаудың қажеті жоқ. Жер аумағы үлкен және елді мекендер арасы қашық орналасқан Қазақстан үшін СТГ нарығын дамыту көптеген қиындықтарды шешер еді», - дейді ҚР Энергетика министрлігінің газ өндірісі департаменті директорының орынбасары Қуаныш Сәрсекеев еліміздегі СТГ дамыту перспективасы туралы сұрақтарға жауап бере отырып abctv.kz берген сұхбатында. Атап айтқанда, оның сөзіне қарағанда, СТГ астананы газдандыру, «көгілдір отынды» халқы тығыз орналасқан және шалғай ауылдарға жеткізу, сонымен қатар қоғамдық және жеке автокөліктерді «экологиялық таза отын түріне» көшіру мәселелерін шешуге мүмкіндік

берер еді. Алайда СТГ-ның көзге көрініп тұрған артықшылықтарына қоса, оны Қазақстанда пайдалану әлі де нөлдік деңгейде қалып отыр. «Сұйытылған табиғи газ нарығын дамыту мәселесінде Қазақстан 2005 жылғы Қытайдың деңгейінде», - дейді Шон Ма. СТГ Қытайда он жылдан бері белсенді пайдаланыла бастады. Бүгінде бұл елде Black&Veatch-пен бірлескен бір ғана Chemtex компаниясы СТГ өндірісі бойынша қуаттылығы шағын және орташа 70 зауыт салды. Қазақстанда мұндай бір де бір кәсіпорын жоқ. Әзірше осындай кәсіпорынның құрылысы Қостанай облысында әлі жоспарланған күйде. Қуаныш Сәрсекеевтің айтуынша, республикада СТГ дамыту нарығына арналған заңнамалық негіз бар. «Қазақстанда мұнай өндіру кезінде ілеспе газды өртеуге заңмен тыйым салынған. Екіншіден, заң бойынша жер қойнауын пайдаланушылар табиғи газды өңдеу бойынша өз бағдарламаларын әзірлеуге міндетті», - дейді Қуаныш Сәрсекеев.

How Much?

СТГ өндірісі бойынша зауыт салу оларға қаншалықты тиімді әрі табысты болады? - Қазақстандық мұнай өндіруші компаниялардың

элеуетті инвесторларын толғантқан басты сұрақ осы. Осылайша, Chemtex Group басшысы Шон Маның ақпараты бойынша, қуаттылығы орташа СТГ өндірісі бойынша зауытты салу құны (тәулігіне 1 миллион кубометр) шамамен 70 миллион АҚШ долларын құрайды. «Бұл болжамды құны, себебі Қытайда жұмыс күші арзан, оның үстіне осындай жобаларға арналған барлық жабдықтар Қытайда өндіріледі. Қуаттылығы осыған ұқсас кәсіпорынның құны, мысалы, АҚШ-та үш есе жоғары болады», - деп нақтылады Шон Ма. СТГ өндірісі энергияны көп шығындайтын өндіріс екенін ескерген жөн. Шон Маның ақпараты бойынша, электр энергиясының құны бір куб метр СТГ өндірісі кезінде 25-тен 50 центке дейін ауытқиды. «Экономикалық тиімділігі электр бағасына және шикізат бағасына байланысты болады», - деді Шон Ма және былай деп толықтырды: «Әлемнің кез келген елінде СТГ нарығын дамыту үшін екі фактор қажет. Біріншісі – ауа тазалығына назар аудару. Екіншісі – саяси шешім. Екі фактор да Қазақстанда бар. Бірақ ол жеткіліксіз. Қазақстан мен Қытай арасында параллель жүргізе отырып мамандар халық саны деген аса маңызды айырмашылыққа назар аударуды ұмытып кетті (яғни, элеуетті тұтынушылар саны). Қазақстанда шамамен 17 миллион адам бар, ал Қытай халқының саны – екі миллиардтан асып жығылады. Зауыт салуға көп инвестиция қажет болғандықтан оның өзін-өзі ақтауы дәл осы тұтынушылар санына байланысты.

Мемлекеттің қолдауы

Осыған қарамастан Қазақстанның мұнай өндіруші компаниялары СТГ өндірісі бойынша зауыт салу мәселесі

өздерін қызықтырып отырғанын жасырмайды. Бұл бағыттың болашағы зор екенін олар түсініп отыр. Ал осы істі дұрыс ұйымдастырса, ілеспе газдан (сұйылту) өңдеу арқылы мол табыс табуға болады. Олар жеңілдіктер мен субсидиялар түріндегі мемлекеттік қолдаудың нақты шаралары қажет екенін мәлімдеді. Мысал ретінде шағын мұнай өндіруші компания «Қарақұдықмұнай» ЖШС-ны алуға болады. Ілеспе газды факелдік өртеуге тыйым салу туралы заң шыққалы бері бұл компания 2009 жылы газды кәдеге жарату бойынша құрылғы салуға алғашқылардың бірі болып қаражат салды. Бұл жобаға ол 75 миллион АҚШ долларын жұмсады. Алайда ол әлі өзін-өзі ақтаған жоқ. Оның себебі көп. Біріншісі – ілеспе газдың төмен бағасы, бір мың куб метрге небары 3 620 теңге (шамамен 10 АҚШ доллары). Бағасын Энергетика министрлігі белгілейді. Екіншіден, басым құқық - газды одан жоғары құнмен сатып алуға келіспейтін «ҚазТрансГаз» ұлттық компаниясына берілген. Жер қойнауын пайдаланушылар газды басқа сатып алушыларға тиімді бағамен сата алмайды. «Қарақұдықмұнай» экономистері мұнайдың бағасы жоғары болса газдың мұндай төмен бағасына мән де бермес едік, бірақ қазіргі баға жағдайында бұл мүмкін емес деп мәлімдейді. Оның үстіне, осындай «Қарақұдықмұнай» сияқты компанияларда ілеспе газдың ауқымы тәулігіне небары 90 мың куб метр. Осыдан келіп жер қойнауын пайдаланушылар тіпті қуаттылығы шағын СТГ өндірісі бойынша зауыт салудың экономикалық тиімділігі жоқ деп санайды. ҚР Энергетика министрлігінің газ өндірісі департаменті директорының орынбасары Қуаныш Сәрсекеев шикізатқа баға белгілеу

қиындығы бар екенін жоққа шығармайды. «Бұл мерзімі жеткен мәселе, бірақ табиғи газдың бағасы заңнама бойынша белгіленеді. Біз шектік бағаны есептейміз, бірақ бәрібір тұйыққа келіп тірелеміз. Мұның бәрі толық зерттеуді және пысықтауды қажет етеді», - дейді Қуаныш Сәрсекеев. Шағын компаниялар үшін СТГ өндірісі бойынша зауыт салуға қатысты мәселе басқаша. «Иә, шағын және орташа компанияларға СТГ бойынша зауытты жалғыз салу тиімсіз. Біз оларға бірігуді ұсынып отырмыз. Кен орындары бір-біріне жақын орналасқан жер қойнауын пайдаланушылар кооперацияға бірлесе алады және СТГ бойынша шағын жобаны бірігіп сала алады», - деп атап көрсетті Қуаныш Сәрсекеев. Стимулдар мен субсидияларға қатысты айтар болсақ, онда қажетті толықтырулар уақыт өте келе



заңға енгізіледі деп уәде берді Энергетика министрлігінің өкілі. «СТГ - кез келген газ құрылғысын дамытудың келесі сатысы. Қазақстанда сұйытылған табиғи газ өндірісі бойынша зауыт салу ісі әлі алда. Мемлекет таяудағы перспективада кез келген инвесторға бұл мәселемен айналысу тиімді болуы үшін күш салады», - деді барлық пікірталасты қорытындылай келе KAZENERGY қауымдастығы төрағасының кеңесшісі Арман Сатимов.

KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕСІ

KAZENERGY қауымдастығының ғылыми-техникалық кеңесі салалық компанияларды мұнай-газ және энергетиканың ғылыми әзірлемелерімен таныстыруды жалғастыруда.



29-шілдедегі өткен мәжілісте Қ.И.Сәтпаев ат. ҚазҰТУ, «ҚазМұнайГаз» Барлау және Бұрғылау Технологиялары ҒЗИ» ЖШС, басқа да ресейлік және қазақстандық кәсіпорындардың өкілдері таныстыру жасады.

Химиялық реагенттер өндірісі, мұнай беруді арттыруға ар-

налған полимерлік ылғалдандыру технологиясы, өткізгіштігі әртекті қабаттан мұнай алудың жаңа технологияларын тәжірибелік-өнеркәсіптік сынау, геологиялық-геофизикалық деректер базасын құру, мұнай өндіруде, жол-құрылыс материалдары өндірісінде күкірт қалдықтарын пайдалану және тағы да басқа көптеген мәселелер бойынша қызықты таныстырулар тыңдалды және талқыланды. Бүгінде ғылыми-зерттеу орталықтары жүргізіп отырған әртүрлі әзірлемелер, кәсіпорын зертханалары өндірістегі және мұнай өндірісіндегі жұмыс сапасын жақсартуға және жеңілдетуге, сондай-ақ экологиялық қиындықтармен күресуге бағытталғанын атап көрсеткен жөн. Мысалы, мұнай және газды өндіру және қайта өңдеуден алынатын күкірт сияқты қалдықтар жол қабатын салуға пайдаланылуы тиіс. Күкірт-асфальт-бетон

қарапайым асфальтты бетонға қарағанда төзімдірек, тез тозбайды, температура өзгерістеріне шыдамды. Қалдықтарды кәдеге жарату мәселесін экономикалық тиімді технологиялар шешпек. Осыған байланысты күкіртті қолдану оңтайлы шешімдердің бірі болуы мүмкін, себебі қалдықтарды жәй көме салу және өртеп жіберу қоршаған ортаны ластайды. Қызмет барысында тұтас аумақ бойынша көшіп жүретін (мұнай өндірісіндегі, мұнай-газ құбырлары құрылысындағы вахталық жұмыстар және т.б.) сала қызметкерлері үшін болашақта заманауи тұрғынжай немесе офис бола алатын «Мобильді үй» жобасы аса қызықты жоба болды. Жеңіл, транспортбельді құрылыс конструкциялары көлемі бойынша жеңіл көшіріледі, онда ЖЭК пайдалануға болады.

ҚР ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ЖАНЫНДАҒЫ САЛЫҚТАР БОЙЫНША ЖҰМЫС ТОБЫ

2016 жылғы 15 және 23 қыркүйекте KAZENERGY қауымдастығы ҚР Ұлттық экономика министрі Қ.У.Бишимбаевтың төрағалық етуімен өткен Бірлескен салық және кеден кодексін қалыптастыру бойынша жұмыс тобының мәжілісіне қатысты

Жер қойнауын пайдаланушыларға (КСШ) салық салуды реформалау бойынша тұжырымдамалық мәселелер қаралды.

Қауымдастық мынадай ұсыныстар енгізді:

- ҚР Салық кодексінде ПҚӨС бойынша жеңілдік

алу бойынша+ бесінші критерий (терең ұңғыма) тікелей қолданысқа енгізу;

- бір заңды тұлға шегінде барлау және өндіру келісімшарттары арасында «нақты емес салық шекарасын» енгізу;

- коммерциялық табу бонусын атап көрсету;

- Каспий теңізі континентальдық қайраңында ерекше салық салу тәртібін енгізу.

ҚР Ұлттық экономика министрілігі McKinsey&Company компаниясының «қаржы нәтижесіне салық» енгізу бойынша салық салу моделіне көшу жөніндегі презентациясын ұсынды (КТС мөлшерлемесін ұлғайту,

бірақ ПҚӨС, Ренталық экспорт салығын және жер қойнауын пайдалануға жаңа келісімшарттар үшін үстеме табыс салығын алып тастау). Осы ұсыныстарды талқылау жалғасады.

ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЗЕРТТЕУ ТУРАЛЫ

Қазіргі уақытта дуалды оқыту кәсіби білім беруді дамытудың және білікті және практикалық оқытылған кадрларды даярлаудың әлемдегі ең табысты тәжірибе болып отыр. Бұл кәсіпорын, оқу мекемесі және оқушының тең жауапкершілігімен оқушыға жұмыс орнын ұсына отырып және өтемақы төлемдерін төлей отырып білім беру мекемесіндегі оқуды кәсіпорындағы міндетті сабақтармен және практикамен үйлестіретін кадрларды даярлау формасы.

Президент

Н.Ә.Назарбаевтың ФГР-ға 2012 жылғы ақпандағы ресми сапары барысында қазақстандық тараптың неміс дуалды моделі негізінде кәсіптік-техникалық кадрларды даярлау жүйесін енгізу ниеті туралы жасаған мәлімдемесі Қазақстанда дуалды оқытуды енгізудің негізі болып қаланды. Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында Елбасы «дуалды техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық ядросын қалыптастыру» туралы тапсырма берді.

Мұнай-газ саласындағы дуалды білім беруді енгізудің бір үлгісі - Құлсары кен орнындағы «Ембімұнайгаз» (ЕМГ) АҚ оқу-эксперименттік полиогны.

Оқу мекемелерінің оқушыларының кәсіби құзыреттілік деңгейін жоғарылату мақсатында 2015 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ) қолданыстағы ЕМГ кен орнының базасында дуалды оқыту жүйесі бойынша пилоттық жобаны бастады. Дуалды оқытудың тиімділігін бағалау үшін KAZENERGY қауымдастығы әл-Фараби ат. ҚазҰУ-

мен бірлесіп және ҚМГ және ЕМГ-нің келісімімен дуалды оқу нысаны бойынша оқитын студенттердің осыған ұқсас мамандыққа дәстүрлі әдіспен оқытылып жатқан студенттермен салыстырғанда қолданбалы кәсіби біліктілігін тұрақты қалыптастыру, оқу-танымдық құзыретін арттыру және кәсіби сана-сезімін жоғарылату істеріне зертеу жүргізді, сонымен қатар мұнай өндіруші ұйымның дуалды оқытуды инвестициялау тиімділігіне есептеулер жүргізді. Осы зертеулерге KAZENERGY жетекшілік етті және зертеулер ҚазҰУ-дың әлеуметтану және әлеуметтік жұмыстар кафедрасы,



расы, жалпы және қолданбалы психология кафедрасы және экономика кафедрасының бір топ студенттері мен ғылыми жетекшілерінің басқаруымен жүргізілді. Әрбір тарап (KAZENERGY, ҚМГ, ЕМГ, ҚазҰУ) осы коммерциялық емес зертеу жобасына ерікті кәсіби қызығушылық танытты. Дәстүрлі оқу жүйесінде оқитын студенттер мен дуалды білім беру жүйесінде оқитын студенттер арасындағы айырмашылықты анықтау зертеудің мақсаты болды.

Зерттеу жұмыстарына Атырау мұнай және газ институтының және АПЕС Petrotechnic жоғары курстарының (3-4 курстар) 78 студенті қатысты:

негізгі мақсатты топ – дуалды жүйе бойынша оқитын студенттер (39 респондент); бақылау топ – дәстүрлі білім беру моделімен оқитын студенттер (39 респондент).

Нәтижесінде дуалды оқытудың ортақ бағасы және перспективасы, білім беру бағдарламасының мақсатына қол жеткізу бағасы, оқушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, жұмыспен қамту перспективасының талдауы анықталды.

Респонденттердің өздерінің жұмысқа орналасу перспективасын және мамандық бойынша қалай бағалайтыны туралы мәселе осы жұмыстағы кәсіби даярлық тиімділігін бағалаудың құрамдас бөліктерінің бірі болды. Сауалнама алынған студенттердің жартысынан көбі мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алатынына сенімді екендігін атап көрсету маңызды (62,2 %).

Респонденттердің «Сіз жалпы мамандығыңыз бойынша жұмысқа орналасу перспективасын қалай бағалайсыз?» деген сұраққа жауаптарын бөлу (әр топтағы респонденттер санының % -мен).

Сонымен бірге зертеулерде респонденттердің пікірінше ЖОО және ТжКБ түлектерінің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға кедергі келтіретін жоғары білім беру жүйесінің аса маңызды қиын жақтары атап көрсетілді. Сонымен қатар зертеулер дуалды жүйе жұмыс тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік беретінін және төмендегі факторларға оң әсерін тигізетінін көрсетті:

Өзін-өзі адекватты бағалай білуді қалыптастыру. Жұмыс процесін адекватты ұғынуды қалыптастыру. Кәсіби құндылық сатысын анықтау.

№	Жауап нұсқасы	Дуалды оқыту N=39	Дәстүрлі оқыту N=39
		%	%
1	Мен қайда жұмыс істей алатынымды қазірдің өзінде білемін	17,8%	9,8%
2	Жалпы жұмысқа орналасатыныма сенімдімін	44,4%	34,1%
3	Мамандығым бойынша жұмыс таба аламын деп ойлаймын	33,0%	36,7%
4	Мен диплом алған соң мамандығым бойынша жұмыс істемеймін	-	10,4%
5	Кез келген жұмысты тауып аламын	-	5,9%
6	Болашақта жақсы жұмыс табу үшін оқуымды жалғастырамын	2,4%	6,7%
7	Жауап жоқ	2,4%	6,4%
	Қорытынды	100%	100%

4. Еңбек қызметтерінің формалды жақтарына бейімделмеу.

5. Өз жұмысы мен өміріне жауапкершілікті сезіне білу.

Дуалды оқытуға салынатын инвестицияның өзін-өзі ақтау мерзімін анықтау үшін инвестиция тиімділігіне есептеулер жүргізілді. Мұнай-газ саласындағы дуалды оқыту жүйесінің тәжірибесі табысты болып табылады, себебі мұнай-газ саласының өтелімділігі жоғары. Инвестициялардың өтелімділігі немесе оны қайтаратын қысқа мерзім бір қызметкерге есептелген жоғары өнімділік нормасына байланысты болады. Бір адамға есептелген табыс жоғары болғандықтан, оған (адамға) салынған инвестиция да тез ақталады.

Зерттеулерді мына сілтеме бойынша толық оқи аласыз-дар: <http://kazenergy.com/ru/actions/2012-01-23-09-38-11.htm>

МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ БІЛІКТІЛІК ШЕҢБЕРІН ӨЗІРЛЕУ

Қазақстанда заңнамалық деңгейде ұлттық біліктілік шеңбері 2012 жылғы ақпанда ҚР Еңбек кодексіне (бұдан әрі – ЕК) кейіннен жаңа ЕК «Кәсіби стандарттар және біліктілік жүйесі» деп аталатын 117-бабы және «Кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру» деп аталатын 9-тарауы болып қайта құрылған «Ұлттық біліктілік жүйесі» (бұдан әрі – ҰБЖ) деп аталатын қосымша тарау енгізілгенде қабылданған болатын.

2013 жылы Үкіметтің Қаулысымен Ұлттық біліктілік жүйесін кезең-кезеңмен әзірлеу жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілді. Жоспарға біліктілік жүйесін дамыту, кәсіби стандарттарды әзірлеу, кәсіби даярлықты бағалау және мамандардың біліктілікке сәйкестігін растау бойынша шаралар кешені қамтылды.

ҰБЖ жүйе құрайтын элементтері:

- Ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – ҰБШ);
- Салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ);
- Кәсіби стандарттар (бұдан әрі – КС);
- Кәсіби даярлықты бағалау және маманның біліктілікке сәйкестігін растау (сертификаттау);
- Білім беру бағдарламасы.

Әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссия 2016 жылғы 16-наурызда СБШ және КС әзірлеу үшін жалпы кәсіптік құзыреттердің біліктілік деңгейлерінің бірыңғай шкаласын белгілейтін жаңа ҰБШ бекітті.

Өз кезегінде СБШ орындалатын жұмыстардың күрделілігін және қолданылатын білімі, дағдысы және құзыретінің сияптын ескере отырып мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптарын деңгейлер бойынша топтастырады.

СБШ әзірлеу құзыреті уәкілетті мемлекеттік органдарға және тиісті қызметтер саласындағы жұмыс берушілер бірлестіктеріне тапсырылған жаңа ЕК қабылдануына байланысты мұнай-газ саласында бұрын (ҚР Мұнай және газ министрінің 18.10.2013 жылғы № 184 бұйрығы) бекітілген СБШ-ның күші жойылды. СБШ бекіту бойынша өкілеттілік Әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияға берілді.

Ү.ж. маусымында Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму, білім және ғылым министрліктері, сонымен қатар «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – ҰКП) бірлесіп «Салалық біліктілік шеңберін әзірлеу және ресімдеу бойынша әдістемелік ұсыныстарды» әзірледі және бекітті.

Әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның 2016 ж. 21-маусымда № 2 хаттамасымен Энергетика министрлігі (бұдан әрі – ЭМ), KAZENERGY қауымдастығы (бұдан әрі – Қауымдастық) және кәсіби одақтардың өкілдерінің қатысуымен СБШ әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды.

Қазіргі уақытта ЭМ-мен бірлесіп СБШ жобасын әзірлеу жүргізіліп жатыр. Ү.ж. қазан айында СБШ әзірлеу бойынша жұмыс тобының мәжілісін өткізу жоспарланып отыр. СБШ әзірлеуге сонымен қатар ҚР жоғары және орта-арнаулы оқу мекемелері қатысады. ЭМ жоғарыда көрсетілген Хаттамалық шешімін орындау үшін қауымдастық өзіне мүше компаниялардың өкілдерінен тұратын, 21.09.2016 ж. Мұнай-газ саласы бойынша салалық келісімнің хаттамасымен бекітілген СБШ әзірлеу бойынша жұмыс тобының тізімін ұсынды.

Сондай-ақ қауымдастық 2017-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай химиясы салаларындағы салалық келісім жобасына СБШ бекіту тәртібі туралы ұсыныс енгізді.

Еңбек қызметтерінің түрлері және кәсіби қызмет салалары бойынша топтастырылған кәсіптер тізімі (бұдан әрі – Тізім) СБШ және кәсіби стандарттарды әзірлеу үшін базалық негіз болып табылады. Бұл тізімді қауымдастық 2015 жылы негізгі өндірістік циклдарды, шығарылатын өнім (көрсетілетін қызметтер) түрлерін және мұнай-газ саласының қызмет бағыттарын анықтау бойынша жүргізілген зерттеулер, саланың терең талдаулары негізінде Кәсіби стандарттарды әзірлеу және ресімдеу бойынша

әдістемелік ұсыныстарға сәйкес құрған болатын. Тізімге 6 кәсіптік қызмет саласы енгізілді: «Мұнай және газ барлау», «Мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау», «Мұнай және газ өндіру», «Мұнай және газ тасымалдау», «Мұнай және газ өңдеу» (оның ішінде «мұнай химиясы»), «Мұнай, мұнай өнімдері және газ өткізу».

Мәлімет үшін

ЕК 117-бабы 2-т. сәйкес кәсіби стандарттарды әзірлеу, енгізу, ауыстыру және қайта қарауды салалық біліктілік шеңбері негізінде жұмыс берушілер бірлестігі жүргізеді және оны уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген еңбек тәртібі бойынша ҰКП бекітеді.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 28.09.2015 жылғы № 1035 «Кәсіби стандарттарды әзірлеу, енгізу, ауыстыру және қайта қарау ережесін бекіту туралы» (28.06.2016 ж. өзгерістеріне қоса) бұйрығына сәйкес кәсіби стандарттар әзірлеу жұмыс беруші есебінен жүргізіледі.

«Еңбек дағдыларын дамыту және жұмыс орындарын ынталандыру» Жобасын іске асыру мақсатында (ҚР Үкіметі мен Халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚДБ)) «Ұлттық біліктілік шеңберіне арналған негіздерді қалыптастыру» (бұдан әрі – компонент) 1-компоненті бойынша байқау өткізуді жоспарлап отыр.

Компонент шеңберінде еңбек нарығының сұраныстарына: кәсіби стандарттар, білім беру бағдарламасы, сонымен қатар біліктілікті бағалау және сертификаттауға сәйкес ұлттық біліктілік шеңберінің басты құрамдас элементтерін құру жоспарлануда.

Жұмыс берушілер қауымдастығы, жекелеген кәсіпорындар және басқа мүдделі тараптар кәсіби стандарттар жобасын әзірлеуге ұсыныс жасап қатыса алады.

Жоғарыда аталған Жобаға қатысу ХҚДБ қаражаты есебінен КС әзірлеуге мүмкіндік беретіндіктен қауымдастық барлық мүдделі тараптарды әрекеттестікке шақырады.

ҰБЖ бойынша материалдармен мына сілтеме бойынша танысуға болады: <http://kazenergy.com/ru/2012-09-05-04-11-04/2013-10-01-10-13-41.html>.



Дүниежүзілік мұнай кеңесімен бірлескен сараптамалық семинар

*2016 жылғы 31-қазан, Астана, Қазақстан Республикасы
Сопақ зал, Тәуелсіздік Сарайы*

Жергілікті үлес – кәсіпорындар еліміздің аумағында өз қызметтерін жүзеге асырған кезде пайдаланатын отандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің құндық шамасын білдіретін елдің технологиялық және индустриалдық-инновациялық даму деңгейінің көрсеткіші. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасында жергілікті үлесті дамыту бойынша көп жұмыстар істелді, алайда, бүгінгі күні отандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді өндіру және сатып алу ауқымы импорт ауқымына қарағанда өте аз.

Оған қоса, аймақта интеграциялық процестер шапшаң дамуда. Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі болып табылады, 2015 жылғы желтоқсанда Республика Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі болады. Осыған байланысты отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілетін қолдау және жергілікті үлесті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты әрі қарай жетілдіру мәселесі туындап отыр.

Мұнай-газ саласын әрі қарай тұрақты дамыту үшін қазақстандық кәсіпорындар қазірдің өзінде қолданыстағы өндірістің тиімділігін арттыруы және жаңартуы, технология трансфертін жүзеге асыруы, құзыретті кадрлар әлеуетін қалыптастыруы тиіс. Жергілікті үлесті ынталандыру, халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету және отандық өндірістің тұрақты дамуын және жер қойнауын пайдалану саласындағы кадрлар әлеуетін дамыту арасындағы табысты тепе-теңдікке қол жеткізу қажет.

Бұл жағдай аймақтың көп елдеріне тән.

Осыған байланысты алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибені зерттеу және Дүниежүзілік мұнай кеңесіне (бұдан әрі – ДМК) мүше елдердің сарапшыларымен осы бағыт бойынша халықаралық әрекеттестікті дамыту ерекше қызығушылық туғызып отыр.

ДМК – жаһандық мұнай-газ қауымдастығының мүддесін білдіретін ірі халықаралық ұйым. Оның негізгі мақсаттарының бірі – тәжірибе және білім алмасу үшін мүдделі тараптар арасында диалог құру, мұнай-газ саласының басмты сын-қатерлерінің оңтайлы шешімдерін іздестіру бойынша сарапшылық бағалаулар беруге және ұсыныстар даярлауға көмектесу.

Осылайша, сараптамалық семинардың жұмысы жергілікті үлесті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша бірлескен ұсыныстарды және негізгі қиындықтарды пысықтау және талдауға бағытталатын болады. Сарапшылар әзірлеген ұсыныстарды іске асыруды KAZENERGY қауымдастығы талдайды. Жергілікті үлесті жаңа шарттармен жетілдіру бойынша алынған нәтижелер, тұжырымдар мен ұсыныстар 2017 жылы Стамбул қаласында өтетін XXII Дүниежүзілік мұнай конгресінің арнайы сессиясында жинақталып, таныстырылады.

КҮН ТӘРТІБІ

- Отандық өндірушілерді қорғау.
- Жер қойнауы туралы кодекс, салық заңдары және жергілікті үлесті дамыту.
- ҚР-дағы жергілікті мазмұнды дамытудың күрделі мәселелері – отандық өндірушілердің көзқарасы.
- Еңбек нарығындағы бәсекелестік.
- Бәсекеге қабілетті нарықты қалыптастырудың күрделі мәселелері (деректер базасын пайдалану, жалпы нарық туралы ақпарат, стандарттар және т.б.).

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЭНЕРГИЯ БАЛАНСЫНДАҒЫ ЖАҢАРМАЛЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ РӨЛІ

Арман Қашқынбеков

Қазақстанның Жаңармалы Энергетика қауымдастығы Бас директорының орынбасары

Қазіргі жағдай

Қазақстандағы жаңармалы энергия көздері жалпы өндірілетін электр энергиясы ауқымының 0.6% пайызын құрайтын старт-ап болып табылады. Осыған қарамастан, Елбасының 2013 жылы бекіткен «Жасыл экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамаға» сай, шектік мәнді 2020 жылы 3%-ға, 2030 жылы 10%-ға және 2050 жылы 50%-ға жеткізу жобаланып отыр.

2014 жылы үкімет тіркелген тарифтер жүйесін бекітті: күн станциялары үшін 34,61 тг/кВтч (ҚҚС-сыз), жел станциясы үшін 22,68 тг/кВтч, шағын электр станциялары үшін 16,71 тг/кВтч (бұдан әрі – ГЭС) және биогаз құрылғылары үшін 32,23 тг/кВтч.

Сол кездегі АҚШ долларының теңгеге қатысты 182 тг/доллар бағамын ескерсек, бұл тарифтер инвестициялық тартымды болды, мұның өзі осы саладағы алғашқы үлкен жобаларды іске қосуға мүмкіндік берді, сонымен қатар осы салаға инвесторлардың қызығушылығын арттырды.

Іске қосылған жобалар ішінде, ең алдымен, ірі жобалар - Жамбыл облысындағы «Бурное Солар», қуаттылығы 50 МВт, Ерейментаудағы жел паркі, қуаттылығы 45 МВт және күн панельдерінің өндірісі бойынша жергілікті үлес жоспарында алғашқы күрделі жоба болған «Астана Солар» зауыты көзге түседі.

ЖЭК саласындағы жағдай бір жыл кейінірек өзгере бастады және үстіміздегі 2016 жылы



жалғастырылды, бұл уақытта энергия тасымалдағыштардың, ең алдымен мұнай мен газдың әлемдік бағасы күрт төмендеуінен республика бюджетін толықтыру қиындықтары туындаған еді, мұның өзі жетекші әлемдік валютаға қатысты, ең бастысы АҚШ долларына қатысты ұлттық валюта бағамына әсер етті.

Теңге бағамының төмендеуі ЖЭК саласының инвестициялық тартымдылығына, қазақстандық инвесторларға, сол сияқты шетелдік инвесторларға тікелей әсер етті, себебі жабдықтарды түгел шетелден сатып алуы қажет болатын қазақстандық инвесторлар үшін инвестициялардың қайту кепілдігі болмады.

Жаңа Заң

2016 жылғы сәуірдің соңында Елбасы Қазақстанның жасыл экономикаға көшуі мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу туралы заңға қол қойды, ол заңда жаңармалы энергия көздері индустриясына қызығушылықты қалпына келтіруге бағытталған қажетті түзетулер қамтылды. Ең бастысы, тұтынушылық баға индексінің жылдық өзгерістері деңгейіндегі бұрын қолданылған индексациядан өзге, 2014 жылдан бастап қолданыстағы тіркелген тарифтердің индексациясы туралы тиісті баптың болуы қажет болды. Оған қоса, заңның жаңа редакциясында ЖЭК жаңа қуаттылықтарын Қазақстанда

бірыңғай ұлттық даму және аймақтар мен кезеңдер бойынша және электр энергетикасына деген нақты сұраныстар бойынша орналасу жоспарын әзірлеу көзделді. Осы құжат барлық нарық қатысушыларының аса маңызды әрі көптен күткен, сонымен қатар мүдделі инвесторларға қай жерде және қандай электр өндіретін нысандар қажет екенін айқын түсінуге мүмкіндік беретін құжат болып табылады.

ҚР-да өндірілетін электр энергиясының жалпы ауқымы үлесінің тым аздығын ескере отырып, ЖЭК станциясынан келетін электр энергиясы ағынын тұрақтандыруға арналған батареялар немесе жинақтаушы құрылғыларды міндетті енгізу идеясынан бас тартуға тура келді. Сонымен қатар заңда уәкілетті орган – ҚР Энергетика министрлігінің КЕГОК ұлттық оператор желілеріне қосылу жөніндегі типтік шартты, энергия өндіретін ұйымдарды министрліктің бірыңғай тізіміне енгізудің нақты әрі түсінікті ережесін әзірлеуі және енгізуі көзделген. Осыдан бұрын ҚР Үкіметі тиісті қаулымен Энергетика министрлігінің қазіргі жаңа тізімімен ауыстырылуы тиіс тізімді бекіткен болатын. Бұл тізімнің мақсаты «қағаздағы» жобалардан құтылу және нақты, іс жүзінде іске асырылу мүмкіндігі ең жоғары экономикалық негізделген және қаржылай бекітілген жобаларды енгізу болды.

Қазіргі уақытта Үкімет атынан Энергетика министрлігі жаңа заңның орындалуымен тығыз жұмыс істеп жатыр, осы салада 2016 жылдың аяғы – 2017 жылдың басына қарай жаңа ойын ережелері айқындалып келеді.

Осы мемлекеттік орган БАӘ және басқа елдердің үлгісімен қолданыстағы тарифтердің жалпы деңгейін төмендетуге көмектесетін

аукцион деп аталатын жүйені ұйымдастыру және өткізу бойынша халықаралық тәжірибені де белсенді зерттеп жатыр, алайда бұл іс үкімет деңгейінде жаңа заңнама базасын жасау, өнжірушілерді ынталандыру үшін қосымша инвестициялық ынталандырмалар ұсыну қажеттілігіне әкелуі мүмкін.

Қазақстандағы ЖЭК үлесі дәл қазіргі уақытта өте аз, десек те, бұл жағдайдың да көптеген жағымды тұстары да бар, себебі жинақталған әлемдік тәжірибеге сүйене отырып өзінің табысты даму жолын асықпай таңдауға, басқа елдердің үкіметтері жіберіп алған үлкен қателіктерді болдырмауға және ауқымды, экономикалық және индустриалдық қуатты Қазақстанның ең озық жасыл технологиялар мен өндіріске өтуі бойынша жалғыз әрі айқын міндетті өзіне мақсат етіп қоюға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта 2017 жылы Астана қаласында «Болашақ энергиясы» деген лозунгімен өткізу жоспарланып отырған Экспо-2017 халықаралық көрмесі, сонымен қатар Қытай хаттамасының құқықтық мұрагері және міндеті – парниктік газдардың атмосфераға шығарылуын жаһандық азайту болып табылатын Париж шартына еліміздің қол қоюы, қабылданған халықаралық міндеттемелерді орындау мақсатында Қазақстанда ЖЭК саласын әрі қарай дамыту қажеттілігін айқындайтын күшті халықаралық факторлар болып табылады.

Алға бастар жол

Болашаққа қарай нық әрі сенімді қадам жасау, менің ойымша, мыналарды қамтиды:

Халықаралық міндеттемелер. Ең алдымен Париж шартын атай отырып, Республика қабылдаған барлық халықаралық міндеттемелерді нақты орындау.

Заңды іске асыру. 2016 жылы сәуірде Елбасы қол қойған жасыл экономикаға көшу жөніндегі заңды іске асыру, сонымен қатар Жасыл экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамада 2020, 2030 және 2050 жылдар бойынша көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу отырып, оның өзін нақты орындау.

Дүниежүзілік тәжірибе. Осы саладағы озық дүниежүзілік тәжірибеге сүйену, мемлекет тарабынан барынша тартымды талаптар құру. Әлемнің жетекші елдері ЖЭК үлкен масштабқа және мән-ге ие болғанда ғана өздерінің ЖЭК бойынша саясаттарын қайта қарай бастағанын ұмытпау керек. Қазақстандағы тым үлкен ЖЭК старт-ап эксперименттері қателікке ұрындыруы мүмкін және осы жағдайды кез келген тәсілдермен және әдістермен болдырмауға тырысу керек.

Жаһандық тренділер. Жаңармалы энергия көздері саласына арналған материалдар мен құрамдас бөліктер өндірісінің құнын азайту бойынша жаһандық тренділерді нақты түсіну оның масштабты таралуына әкеледі. Қазақстан оған дайын болуы тиіс, оған нәтижесінде отандық өндірістік базаның қалыптасуына әсер ететін индустрияны дамыту арқылы ғана қол жеткізуге болады. Тас ғасыры тастар таусылып қалған соң аяқталған жоқ қой. Мұнай ғасырының да тарихи өз аяғы болады және ол уақыт та таяу.

Кадрларды даярлау. Жоғары білікті мамандарды мемлекеттік деңгейде даярлау. Оларсыз индустрия ұзақ мерзім бойы тұрақты бола алмайтын ЖЭК саласының менеджерлерін, техникалық мамандарын және инженерлерін даярлау ісін бастау керек. Оны күн панельдерін, гелиоколлекторларды және желдің күшімен қуат өндіретін құрылғыларды мектеп аумақтарына ор-

нату, қазірдің өзінде Қытай астанасы – Пекинде жасалып жатқан робот жасау және технологиялар кабинеттерін ашу арқылы мектептерден бастауға болады.

Ақпарат. Елде жаһандық энергетикалық тренділерді, жаңармалы энергия көздерін және технологияларды енгізу қажеттілігінің негіздемесін қалың бұқара халық арасында түсіндіретін кең масштабты ақпараттық кампания.

Заңнаманы жетілдіру. Саланы реттейтін заңнамалық базаны жетілдіру, инвесторларға арналған жаңа мемлекеттік қолдау механизмдерін енгізу, сонымен қатар даму институттары мен ұлттық компаниялар тарабынан кеңес беру және құқықтық көмек көрсету арқылы инвестициялық климатты



тұрақты жаңарту және жақсарту.

Инвестициялар. Саланы мемлекеттік қаражаттан инвестицияларға қарай ығыстыра отырып, энергия нысандарын сала алатын және басқара алатын, сонымен қатар қажетті кәсіби тәжірибесі бар және қаржы-басқарушылық ресурстары бар жеке инвесторлар мен инвестицияларды тарту.


ҰЛТТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАЯНДАМА КӨПШІЛІККЕ ҚОЛ ЖЕТІМДІ

Құрметті достар!

Жуырда KAZENERGY қауымдастығы ұсынған Ұлттық энергетикалық баяндаманың 2-ші шығарылымы мұнай-газ саласының мамандарының, ғылыми орта өкілдерінің, мемлекеттік құрылымдардың, студенттердің зор қызығушылығын туғызды. Аталмыш маңызды аналитикалық құжатты сатып алғысы келіп, қауымдастыққа хабарласып жатқандардың саны күн сайын артуда.

Осыған байланысты KAZENERGY Атқару комитеті Ұлттық энергетикалық баяндаманы электронды нұсқасымен қоса ақысыз тарату туралы шешім қабылдады, оның орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқасын біздің сайтымыз: www.kazenergy.com-нан қарай аласыздар.

Еліміздің игілігі үшін ғылыми және практикалық міндеттерді шешуде баяндама материалдарының пайдасы тиеді деп үміттенеміз!





КAZENERGY Қауымдастығы
Баспасөз қызметі
Тел: +7(7172) 710181 , 790173
shaira@kazenergy.com